

Ахметов Қ.

**Алқалы жиын, дүбірлі тоймен өткерді/ Қ. Ахметов
//Орталық Қазақстан. - 2005. - 26 наурыз**

Бір өзі ғылымның бірнеше саласында кесек іс тындырыл, саналы ғұмырын туған халқының жарқын болашағы жолына сарп еткен бірегей тұлға, ғұлама ғалым - Евней Арыстанұлы Бөкетовтің 80 жылдық мерейтойын кемеңгер жанның өшпес ізі қалған Қарағанды қаласы Ұлыстың ұлы күні келген шақта үлкен дайындықпен қарсы алып, алқалы жиын, дүбірлі тоймен өткерді. Ғалымның мерейтойы қарсаңында талай іс-шараның ұйымдастырылуына ұйытқы болған ізбасар жандар бұл тойда ұрпаққа тәлім боларлық істердің үлгісін көрсетті.

Иә, оның көзін көріп, шарапатына бөленген жандар, игілікті ісін жалғастырушы шәкірттері мерейтой қарсаңында қыруар шаруа тындырды. Бұл ретте Евней Арыстанұлының зор еңбегімен еліміздегі іргелі білім ордасына айналған Қарағанды мемлекеттік университеті ұжымының еңбегі елеулі болды.

Наурыздың 23 жұлдызында Е. Бөкетовтің туған күнінде басталған тойда осынау жиынға жиылған қауым атбасын ҚарМУ-ға тірегенді. Сол күні жиылған қонақтар оқу орны жанында ғалымға тұрғызылмақшы ескерткіштің іргетасын қалау рәсімін жасал, бұдан соң ҚарМУ-дың студенттер сарайында - Академик Е.А.Бөкетов - ғалым, оқытушы, ойшыл атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция басталды.



Алқалы жиында облыс әкімінің орынбасары Ералы Тоғжанов, ҚР Конституциялық кеңесінің мүшесі Қабылсаят Әбішев, химиялық-техникалық зерттеу институты ұлттық орталығының бас директоры Нұралы Бектұрғанов, жазушы Кәкімбек Салықов, Білім және ғылым министрлігі аппаратының жетекшісі, ҚР ҰҒА академигі Рахметқажы Берсімбаев, ҚР ҰҒА академигі Әбілқас Сағынов, профессор Сұлтан Досмағамбетов, Қазақстан-Ресей университетінің ректоры, ҚР ҰҒА академигі Зейнолла Молдахметов, маңызды білім беретін «Болашақ» институтының президенті, ЖМ ХҒА академигі Жамбыл Ақылбаев, ҚазҰУ профессоры Айтқожа Биғалиев, ҚарМУ ректоры, ЖМ ХҒА академигі Еркін Көбеев президумнан орын алып, жиынға төрағалық еткен ҚарМУ ректоры конференцияны ашық деп жариялаған соң мінберге облыс әкімінің орынбасары Е.Тоғжанов көтерілді.

- Бөкетовтің қайтыс болғанына 20 жылдан астам уақыт өтсе де уақыт бәрін



өз орнына қойды. Ұрпақ тәрбиешісі, ұлағатты ұстаз Евней ағамыз ұлы тұлға, халқына адал қызмет еткен қайраткер. Елімізде, жоғары білімнің дамуына, ғылым мен білімнің экономиканың ілгерілеуіне зор үлес қосқан ол халықтың есінде ұлт ұстазы ретінде мәңгі қалды. Бүгін міне сан қырлы талант иесінің өнегелі еңбек жолы, ғылыми, әдеби мұрасы өз бағасын алып жатыр. Той, тойға ұлассын! - дей келе облыс әкімінің орынбасары мерейтой қарсаңында еңбегімен ерекшеленген бірқатар ғалым, қызметкерлерге облыс әкімі атынан Құрмет грамотасын тарту етті. Олар: Г.Ақбаева, Д.Аймағанбетова, В.Батулин, Р.Жанбозина.

Бұдан соң, сөз толғаған Рахметқажы Берсімбаев: «Академик Бөкетовтің биорганикалық және органикалық химия, қара және түсті металлургия салаларына деген ерен құштарлығы Д. Менделеевтің мұрасын, әсіресе мұнайды қайта өңдеу саласын, сонымен бірге периодтық заңның ашылуы мен қалыптасуын асқан дәлдікпен зерттеу барысында айқын көрінді,- деп бастап ғалымның басқа да жетістіктерін ғылыми тұрғыдан талдап, таразылай жеткізіп, - келесі кезекте ғалым мерейтойына орай ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы бойынша омырау белгісімен марапатталған ғалымдардың есімін атап, тартуды тапсырды. Марапатқа ие болған Л.Құсайынова, Ә.Телғарин, В.Евдокимов, А.Масалимов, З.Жұмағали, Ш.Токсанбаевалардан соң тағы да бір топ ғалым-оқытушыларға Құрмет грамотасы ұсынылды.

Ал, Евней Арыстанұлының ғалымдық, оқытушылық, жазушылық, сыншылық, қайраткерлік т.б. сандаған қыры туралы жан-жақты баяндаманы ҚарМУ ректоры Еркін Қинаятұлы Көбеев жасады.

Евней Арыстанұлының педогогикалық дарыны,әсіресе, 1972-1980 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде ректорлық қызмет атқарған кезде айқын көрінді. Ол университеттің биорганикалық химия кафедрасының алғашқы меңгерушісі болды, ал 1976 жылы физикалық химия атты жаңа кафедра ашып, бұл жаңа әрі жас ұжымға алғашында өзі жетекшілік етіп, содан кейін басқару тізгінін өз шәкірттерінің біріне берді.

Тек химия саласы бойынша ғана емес, сонымен қатар экономика, заң, физика-математика, филология саласы бойынша мамандар мен ғалымдар қызмет ететін Қарағанды мемлекеттік университеті сияқты ірі ғылыми-педагогикалық ұжымды басқара отырып, Евней Арыстанұлы оқу үрдісін ұйымдастыру мен пәндерді оқыту сапасын назардан шығарған емес.

Ол көзінің тірісінде 52 кандидат және ғылым докторларын дайындады, дүние салған соң академиктің жетекшілігімен жұмыс жасаған немесе ғылыми кеңесін алған 7 кандидат 11 ғылым докторы диссертацияларын қорғады.

Ғалым турасындағы осындай деректерді келтіре тұрып келелі сөз айтқан Е.Көбеев әңгімесін түйіндей келе, аталар салтымен кемеңгер тұлғаның інісі Қамзабайдың және ҚарМУдың ректоры болып, ұлы ұстаздың игі ісін жалғастырған ізбасарлары — З.Молдахметов пен Ж.Ақылбаевтың, А.Биғалиевтің иығына шапан жауып, алғыс хат ұсынды.

Халықаралық конференция үстінде сөз алған ғалымдардың әрқайсысы ғалымның мұрасына әр тараптан келіп, әр тақырыпта ой толғағанды.

Сөз алған жазушы Кәкімбек Салықов Евней Арыстанұлының жазушылық, аудармашылық қыры, шешендігі жайлы әңгімелеп өтті.

Бұдан соң, түс әлетінде, аталмыш жиыннан кейінгі уақытта секциялық мәжілістерде бас қосқан қонақтар, түс ауа ғалым атындағы мұражайға сапарлап, кешкісін С.Сейфуллин атындағы драма театрында «Юлий Цезарь» қойылымын тамашалады.

Ертесінде ғылыми-тәжірибелік конференция ҚарМУ-да қорытындыланып, бұдан соңғы мәжіліс Ж.Әбішев атындағы химия-металлургия институтында жалғасты.

Дарынды ғалымның ғылыми жетістіктері мен ғылыми ұйымдастырушылық қызметі танылған аталмыш институтта да Е.Бекетовтің мол мұрасы жайлы оның үзеңгілес жолдастары, шәкірттері, жақын-жуықтары тебірене сөз толғады. Бұнда да марапаттау сәттеріне кезек берілді. Тағлымы мол жайттар көрініс тапты. Ерекше бір атап айтарлық нәрсе бұл жиында Бекетов жайындағы естеліктер мен деректердің басын қосқан туынды — жазушы Медеу Сәрсекенің «Ебіней Бекетов» атты кітабының тұсаукесер рәсімі болды.

Ғұлама ғалымның мерейтойы бұл мезетпен аяқталмақ емес, оның нағыз мерейтойлы күндері енді басталғандай. Өйткені оның артында бүгін іргесі берік, еңселі елі бар.